

**Ақша және тауар
нарығындағы бір
мезгілдегі тепе-теңдік:
IS-LM моделі**



Жоспар:

1. «AD-AS» және «IS-LM» моделдерінің өзара байланысы. «IS-LM» моделінің негізгі өзгермелі шамалары мен теңдіктері.
2. IS қисығының шығарылуы, оның еңкейгіштігі мен жылжуы.
3. LM қисығының шығарылуы, оның еңкейгіштігі мен жылжуы. «IS-LM» моделіндегі тепе-теңдік.
4. «IS-LM» моделіндегі фискалды және монетарлық саясаттарының салыстырмалы тиімділігі.
5. Жиынтық сұраным қисығын шығару. Бағалар деңгейі өзгергендегі «AD-AS» және «IS-LM» моделдеріндегі экономикалық саясат.

- 1. «AD-AS» және «IS-LM»
моделдерінің өзара
байланысы. «IS-LM»
моделінің негізгі өзгермелі
шамалары мен теңдіктері.

□ IS-LM» моделі (инвестициялар – жинақтар, өтімділікті талғау – ақша ұсынымы) – жиынтық сұраным функциясын белгілейтін экономикалық факторларды анықтауға мүмкіндік беретін тауарлық-ақшалық тепе-теңдіктің моделі.

□ Модель тауарлық және ақшалық нарықтарда бірдей орнаған тепе-теңдік жағдайындағы пайызақы R -дың және ұлттық табыс I -тің нарықтық мөлшерлерінің үйлесімдерін табуға арналады. Сондықтан, «IS-LM» моделі «AD-AS» моделінің жекелеген жақтарын тереңдеп талдайды.

□ «IS-LM» моделінің негізгі теңдіктері:

- $Y = C + I + G + X_n$ - негізгі макроэкономикалық теңдік
- $C = a + b(Y - T)$ - тұтыну қызметі (функциясы), мұнда $T = T_a + tY$
- $I = e - dR$ - инвестиция қызметі
- $X_n = g - m'Y - nR$ - таза экспорт қызметі
- $M/P = kY - hR$ - ақшаға деген сұранымның қызметі

- ▣ **Модельдің ішкі шамалары:** Y (табыс), C (тұтыну), I (инвестициялар), X_n (таза экспорт), R (пайыздық ставкасы).
- ▣ **Модельдің сыртқы шамалары:** G (мемлекеттік шығындар), M_s (ақша ұсынымы), t (салық ставкасы).

- **Эмпирикалық коэффициенттер:** олар салыстырмалы түрде тұрақты болады және әрқашан жағымды шамалар болады (мөлшерлері >0)
- a - автономды тұтыну шығындары,
- b – шекті тұтынуға бейімділік (mrc),
- e - сыртқы экономикалық факторлармен белгіленетін (пайдалы қазбалар қорлары, техникалық ашулар нәтижелері) автономды инвестициялар,
- d – инвестициялардың пайызақы ставкасының өзгеруіне сезімталдығы, g - автономды таза экспорт, m' - импорттауға шекті бейімділік,
- n – таза экспорттың пайызақы ставкасы өзгеруіне сезімталдығы,
- k - номиналды ақша қалдықтарының (M) номиналды табыстағы (PY) үлесі немесе ақшаға деген сұранымның табыс өзгеруіне сезімталдығы,
- h – ақша сұранымының пайызақы ставкасы өзгеруіне сезімталдығы.

- IS-LM» моделінің қысқа және ұзақ мерзімдегі ерекшеліктері келесідей білінеді.
- **Қысқа мерзімде** экономика толық жұмысбастылықтан тыс жағдайында болғанда ($Y \neq Y^*$), бағалар деңгейі P тұрақты (алдын-ала белгіленген), ал пайызақы R -дың және Ұлттық табыс Y -тің мөлшерлері құбылмалы (жылжымалы). $P = \text{const}$ болғандықтан шамалардың нақты және номиналды мөлшерлері бірдей болады.
- **Ұзақ мерзімде** экономика толық жұмысбастылық жағдайында ($Y \neq Y^*$) болғанда бағалар деңгейі P үте құбылмалы. Мұндай жағдайда M_s номиналды шама болып табылады, ал модельдің басқа параметрлері – нақты шамалар болады.

**□ 2. IS қисығының
шығарылуы, оның
еңкейгіштігі мен жылжуы.**

- IS қисығы – тауарлық нарықтағы тепе-теңдікті белгілейтін қисық.